

Бекітемін.

Балабақша меңгерушісі: А. Исакулова



«Меруерт Ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС

2024—2025 оқу жылына арналған медбикенің жылдық жұмыс жоспары

Медбике: Хамытбаева Зулфия

2024–2025 оқу жылына арналған медициналық қызметкердің (медбике) жылдық жұмыс жоспары

Жұмыстың мақсаты

Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету, қауіпсіз және салауатты орта қалыптастыру.

Негізгі бағыттары

- Балалардың денсаулық жағдайын бақылау.
- Профилактикалық және сауықтыру шараларын ұйымдастыру.
- Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалау.
- Тамақтану сапасын бақылау.
- Ата-аналар мен педагогтерге медициналық кеңес беру.
- Медициналық құжаттамаларды уақтылы жүргізу.

Жылдық жоспар

Айлар	Іс-шаралар	Орындалу түрі
Қыркүйек	Балаларды қабылдау кезінде денсаулық құжаттарын тексеру, медициналық кабинетті жаңа оқу жылына дайындау, антропометриялық өлшемдер алу, күнделікті таңертеңгі сүзгіні ұйымдастыру	Бақылау, тіркеу
Қазан	Маусымдық жұқпалы аурулардың алдын алу, санитариялық режимнің сақталуын бақылау, топтардың тазалығын тексеру	Бақылау
Қараша	Балалардың тамақтануын бақылау, ас мәзірін талдау, тағам сынамаларын сақтау тәртібін тексеру	Мониторинг
Желтоқсан	Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмыстары, дәрумендеу шараларын ұйымдастыру	Кеңес беру
Қаңтар	I жартыжылдықтағы сырқаттанушылық көрсеткіштеріне талдау жасау, медициналық журналдарды тексеру	Талдау
Ақпан	Жеке бас гигиенасы бойынша әңгімелер өткізу, бөлме температурасы мен ауа режимін бақылау	Бақылау
Наурыз	Педагогтерге алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша кеңес беру, балалардың денсаулық жағдайын бақылау	Оқу-кеңес
Сәуір	Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық, медициналық құрал-жабдықтарды толықтыру	Дайындық
Мамыр	Балалардың денсаулығы бойынша қорытынды талдау, мектепке баратын балалардың құжаттарын реттеу	Қорытынды
Маусым	Жазғы сауықтыру шараларының орындалуын бақылау, шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру	Бақылау
Шілде	Ішек инфекцияларының алдын алу, ауыз су сапасы мен тағам өнімдерінің сақталуын бақылау	Мониторинг
Тамыз	Жаңа оқу жылына дайындық, дәрі қобдишаларын толықтыру, медициналық кабинетті жабдықтау	Дайындық

Күнделікті атқарылатын жұмыстар

- Таңертеңгі сүзгіні жүргізу.
- Балалардың денсаулық жағдайын бақылау.
- Дене қызуын өлшеу (қажет жағдайда).
- Ас блогының санитариялық жағдайын тексеру.
- Дайын тағамның сапасын бақылау.
- Медициналық журналдарды толтыру.
- Оқшаулауды қажет ететін балаларды анықтау.

Апталық жұмыстар

- Топ бөлмелерінің санитариялық жағдайын тексеру.
- Медициналық құралдар мен дәрі-дәрмектер қорын бақылау.
- Тамақ өнімдерінің сақтау мерзімін тексеру.
- Қызметкерлердің санитариялық талаптарды сақтауын бақылау.

Ай сайынғы жұмыстар

- Балалардың сырқаттанушылық көрсеткіштеріне талдау жасау.
- Антропометриялық бақылау (қажетті жас топтарында).
- Денсаулық бұрыштарын жаңарту.
- Ата-аналарға жеке кеңес беру.

Ата-аналармен жұмыс

- Балабақшадағы санитариялық талаптар.
- Үй жағдайында жұқпалы аурулардың алдын алу.
- Баланың дұрыс күн тәртібі.
- Дәрумендердің бала ағзасына пайдасы.
- Жеке бас тазалығы.
- Дұрыс тамақтану мәдениеті.

Педагогтермен жұмыс

- Санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша нұсқама.
- Жарақаттанудың алдын алу.
- Алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібі.
- Балалардың денсаулығына бақылау жүргізу бойынша әдістемелік көмек.

Күтілетін нәтиже

- Балалардың денсаулық көрсеткіштерінің жақсаруы.
- Жұқпалы аурулардың төмендеуі.
- Санитариялық талаптардың толық сақталуы.
- Қауіпсіз әрі денсаулық сақтаушы білім беру ортасының қалыптасуы.
- Ата-аналар мен педагогтердің медициналық мәдениетінің артуы.

Бекітемін.

Балабақша меңгерушісі А.Исакулова



«Меруерт-Ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС

МДҰ медициналық қызметкерінің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Белгіленген жұмыс	Мерзімі	Орындаушы
1	Балалардың денсаулық жағдайын бақылау • Таңертеңгілік сүзгіні ұйымдастыру және жүргізу. • Балалардың дене қызуын, жалпы жағдайын бақылау. • Инфекциялық ауру белгілері бар балаларды уақытылы анықтап, оқшаулау. • Балалардың бойы мен салмағын өлшеу, денсаулық көрсеткіштерін тіркеу. • Денсаулық топтары бойынша бақылау жүргізу.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
2	Санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау • Топтардағы тазалықтың сақталуын бақылау. • Желдету, кварцтау және ылғалды тазалау жұмыстарының орындалуын қадағалау. • Ойыншықтарды, төсек жабдықтарын, ыдыстарды өңдеу сапасын бақылау. • Дезинфекциялық ерітінділердің дайындалуы мен қолданылуын тексеру. • Қызметкерлердің жеке бас гигиенасын бақылау.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
3	Тамақтануды медициналық бақылау • Күнделікті ас мәзірін тексеру. • Тағамның сапасы мен қауіпсіздігін бақылау. • Дайын тағамнан тәуліктік сынама алу және сақтау. • Ас блогының санитариялық жағдайын бақылау. • Тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімін тексеру. • Балалардың жас ерекшелігіне сай тамақтануын бақылау.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
4	Сауықтыру және шынықтыру шаралары • Таза ауада серуендеуді бақылау. • Ауа және күн ванналарын ұйымдастыру. • Шынықтыру шараларының жүргізілуін бақылау. • Ұйқыдан кейінгі сергіту жаттығуларының орындалуын бақылау.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер

	• Топтардағы температура мен ауа ылғалдылығын бақылау.		
5	Профилактикалық жұмыстар • ЖРВИ, тұмау, ішек инфекцияларының алдын алу. • Паразиттік аурулардың профилактикасы. • Вакцинация жұмыстарын ұйымдастыруға қатысу. • Медициналық тексерулердің жүргізілуін бақылау. • Созылмалы ауруы бар балаларды есепке алу.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
6	Санитариялық-ағарту жұмыстары Ақпараттық бұрыштар мен кеңестер: • Қыркүйек – «Баланың жеке бас гигиенасы» • Қазан – «Тұмаудың алдын алу» • Қараша – «Дұрыс тамақтану қағидалары» • Желтоқсан – «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік» • Қаңтар – «Вирустық аурулардан сақтану» • Ақпан – «Дәрумендердің маңызы» • Наурыз – «Туберкулездің алдын алу» • Сәуір – «Таза қол – денсаулық кепілі» • Мамыр – «Күн өтудің алдын алу» • Маусым – «Жазғы демалыстағы қауіпсіздік» • Шілде – «Тағамнан уланудың алдын алу» • Тамыз – «Жаңа оқу жылына дайындық»	Ай сайын	Медициналық қызметкер
7	Эпидемияға қарсы іс-шаралар • Ауру балаларды дер кезінде оқшаулау. • Байланыста болған балаларды бақылау. • Дезинфекциялық іс-шараларды ұйымдастыру. • Карантин талаптарының орындалуын бақылау. • Эпидемиологиялық ахуалға мониторинг жүргізу.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
8	Құжаттамаларды жүргізу • Медициналық журналдарды жүргізу. • Балалардың денсаулық паспорттарын толықтыру. • Сырқаттанушылық көрсеткіштеріне ай сайын талдау жасау. • Жылдық есеп дайындау. • Медициналық кабинеттің құжаттарын реттеу.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
9	Педагогтермен жұмыс • Алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша нұсқама. • Санитариялық талаптарды сақтау жөнінде кеңес беру. • Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	Тоқсанына 1 рет	Медициналық қызметкер
10	Ата-аналармен жұмыс • Жеке кеңестер өткізу. • Денсаулық күндерін ұйымдастыру. • Дұрыс тамақтану, вакцинация және бала күтімі бойынша ақпарат беру.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер

	• Аурулардың алдын алу бойынша жадынамалар тарату.		
--	--	--	--

Медбике: Хамытбаева Зулфия

Бекітемін.

Балабақша меңгерушісі **А.Исакулова**



«Меруерт-Ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС

**2024–2025 оқу жылына арналған медициналық қызметкердің
(медбикенің) апталық циклограммасы**

Апта күндері	1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
Дүйсенбі	Тәрбиеленушілердің таңертеңгі қабылдауын бақылау. Топтардың санитариялық жағдайын тексеру. Ас блогындағы дайын тағамның сапасын бағалау және тәуліктік сынама алу. Балалардың келу көрсеткішін тіркеу. Ас мәзірінің талапқа сәйкестігін қарастыру.	Медициналық құрал-жабдықтардың жарамдылығын тексеру.	Дәрі-дәрмек қорына түгендеу жүргізу.	Апта басындағы жоспарды нақтылау және қажетті ұсыныстар беру.
Сейсенбі	Топтарды аралау, балалардың денсаулық жағдайын бағалау. Асхана қызметкерлерінің жеке бас гигиенасын бақылау. Тағам өнімдерінің сапасына бақылау жүргізу.	Медициналық құжаттарды рәсімдеу және жаңарту.	Профилактикалық екпелердің орындалуын бақылау, медициналық қарап-тексерулерді ұйымдастыру.	Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында санитариялық талаптардың сақталуын бақылау.
Сәрсенбі	Балалардың денсаулық көрсеткіштерін бақылау. Ас блогының санитариялық жағдайын тексеру. Күнделікті мәзірдің орындалуын бақылау.	Әдіскермен және педагогтермен бірлескен денсаулық сақтау мәселелерін талқылау.	Тәрбиешілер мен мамандарға алғашқы медициналық көмек және аурулардың алдын алу бойынша кеңес беру.	Ата-аналарға жеке кеңес өткізу. Шынықтыру және сауықтыру жұмыстарының орындалуын қадағалау.

Бейсенбі	Топтардың санитариялық жағдайын тексеру. Дайын тағамның сапасын бағалау. Балалардың қатысу көрсеткіштерін тіркеу.	Эпидемияға қарсы профилактикалық іс-шаралардың орындалуын бақылау.	Балалардың дене дамуын бағалау (антропометриялық өлшеулер).	Техникалық қызметкерлерге санитариялық талаптар бойынша нұсқама өткізу. Емхана мамандарымен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру.
Жұма	Балалардың жалпы денсаулық жағдайын қорытынды бақылау. Ас блогының жұмысына мониторинг жүргізу. Апталық келу көрсеткішін саралау.	Күн тәртібінің сақталуына талдау жасау.	Санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізу, денсаулық бұрыштарын жаңарту, ақпараттық парақшалар әзірлеу.	Аптадағы аурушандық деңгейіне талдау жасау. Балалардың бейімделу деңгейін бағалау. Медициналық есептер мен құжаттарды толықтыру және келесі аптаға жоспар құру.

